

28 мамыр 2024



Меншікті бағалы қағаздардармен мәмілелер туралы ақпарат Тұрақты есеп

Алматы, Қазақстан - «Әир Астана» АҚ (бұдан әрі - «Қоғам») 2024 жылғы 30 сәуірде жарияланған Акциялар мен ҒДҚ-ды сатып алу бағдарламасына сәйкес («Бағдарлама») Қоғамның жай акцияларының («Акциялар») және Акцияларға қатысты құқықтарды қуәландыратын ғаламдық депозитарлық қолхаттардың («ҒДҚ») төменде көрсетілген санын «Halyk Finance» АҚ арқылы 2024 жылдың 22 және 27 мамыр аралығында (бұдан әрі – «есеп беру кезеңі») сатып алу туралы хабарлайды.

Бағдарламаны жүзеге асыру шеңберінде күн сайын жасалған мәмілелер туралы біріктірілген ақпарат төменде көрсетілген:

Мәміле күні	Мәміле жасалған биржа	Акцияларды бір күнде сатып алудың орташа өлшенген бағасы (тенге)	ҒДҚ-ның бір күнде сатып алудың орташа өлшенген бағасы (АҚШ долл.)	Сатып алынған Акциялардың жалпы саны	Сатып алынған ҒДҚ-ның орташа саны	Мәмілелердің жалпы бағасы (АҚШ долл.)*
22.05.2024	AIX / KASE	927,04	8,51	16 114	4 155	69 169,43
23.05.2024	AIX / KASE/ LSE	927,99	8,38	16 113	7 515	96 824,00
24.05.2024	AIX / KASE/ LSE	926,50	8,39	15 191	6 721	88 161,56
27.05.2024	AIX / KASE	917,52	8,43	13 996	3 894	61 822,77
Сатып алынған Акциялар мен ҒДҚ-ның саны және есеп беру кезең ішінде жасалған мәмілелердің жалпы бағасы:				61 414 Акция	22 285 ҒДҚ (89 140 Акцияға қатысты құқықтарды қуәландыратын)	315 977,76 АҚШ долл.
Сатып алынған Акциялар мен ҒДҚ-ның саны және Бағдарламаны іске асыру шеңберінде жасалған мәмілелердің жалпы бағасы:				274 907 Акция	51 056 ҒДҚ (204 224 Акцияға қатысты құқықтарды қуәландыратын)	1 025 818,08 АҚШ долл.

* Акцияларды сатып алу мәмілелер бөлігінде, тиісті мәміле жасалған күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша

Бағдарлама шеңберінде «Halyk Finance» АҚ жасаған жекелеген мәмілелер бойынша ақпарат тәмендегі сілтеме бойынша қолжетімді:

<https://ir.airastana.com/media/8dc7ee08cb9e5fa/details-kz-22-27-may-2024.pdf>

Осы хабарландыру қандай да бір юрисдикциядағы бағалы қағаздарды ұсыну туралы ұсыныс немесе өтініш болып табылмайды. Қоғам да, Бағдарлама мақсаттары үшін Қоғам тартқан брокерлер де, олардың үlestes тұлғалары да (немесе олардың тиісті директорлары, қызметкерлері, агенттері немесе кеңесшілері) ҒДҚ-ның акционерлері немесе ұстаушылары өздерінің кез келген немесе барлық Акцияларын немесе ҒДҚ-ны сатуға тиіс пе екендігіне қатысты ешқандай ұсынымдар бермейді. ҒДҚ акционерлері мен ұстаушыларына Бағдарламаға қатысуға қатысты өз қаржылық ақыл-кеңестері үшін өзінің брокеріне (леріне), инвестициялық менеджеріне (леріне), заң кеңесшісіне (леріне), бухгалтеріне (леріне), кастодианына (леріне) немесе басқа да үәкілдеп тәуелсіз қаржы кеңесшісіне (леріне) жүргіну ұсынылады. Акциялары және/немесе ҒДҚ-ны оның атынан брокерде, дилерде, банкте, кастодианда, траст компаниясында немесе басқа номиналды ұстаушыда сақталатын кез келген жеке тұлға немесе компания, егер олар Бағдарламаға қатысқысы келсе, осындағы тұлға жүргінуге тиіс.

Қосымша ақпарат алу үшін ir.airastana.com сайтына кіріңіз немесе тәменде телефондарға хабарласыңыз:

Air Astana

Ирина Мартинез
Инвесторлармен байланыстар
жөніндегі басшы
+7 727 258 41 36
investor.relations@airastana.com

Air Astana

Белла Тормышева
Корпоративтік коммуникациялар
жөніндегі вице-президент
+7 727 258 41 35
media@airastana.com

Instinctif Partners

Joe Quinlan
Vivian Lai
+44 20 7457 2020
airastana@instinctif.com

Қоғам туралы

«Эйр Астана» АҚ Тобы («Эйр Астана» АҚ және «FlyArystan» АҚ) кірісі мен әуе флотының көлемі бойынша Орталық Азия және Кавказ аймақтарындағы ең ірі әуекомпаниялар тобы. Air Astana тобы 2002 жылы алғашқы рейсін орындаған Air Astana толық қызмет көрсететін бренд пен 2019 жылы құрылған FlyArystan бюджеттік тасымалдаушысы арасында үlestірілген 51 ұшақтан тұратын әуе кемелері паркін пайдаланады. Air Astana Орталық Азия, Кавказ, Қызыл Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропа арқылы ішкі, өнірлік және халықаралық маршруттарда тұрақты, тікелей және транзиттік, қысқа магистральдық және алыс магистральдық авиатасымалдар мен жұк тасымалдарын қамтамасыз етеді. Air Astana Skytrax World Airline Awards нұсқасы бойынша он бір рет «Орталық Азия мен ТМД-ның үздік әуекомпаниясы» болып танылды және APEX (Airline Passenger Experience Association) ірі әуекомпаниялар санатында бес жүлдызды рейтингке ие. FlyArystan сондай-ақ алғаш рет «Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік бюджеттік тасымалдаушы» номинациясында Skytrax сыйлығын алды және бүкіл әлем бойынша Skytrax төрт жүлдызды он екі бюджеттік әуекомпаниясының бірі болып табылады. Топтың бағалы қағаздары Қазақстан қор биржасында, Astana International Exchange (AIX) және Лондон қор биржасында орналастырылған (тикер: AIRA).